

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

БЖЗҚ-дан жасына байланысты ай сайынғы ең жоғарғы төлем 522 610 теңгені құрады

2021 жылдың 1 ақпанына Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры 167 423 алушыға төлем жасады. Тұтастай алғанда жалпы сомасы 73,8 миллиард теңгеге 172 мыңнан астам зейнетақы төлемдері, біржолғы зейнетақы төлемдері мен сақтандыру ұйымдарына аударымдар жүзеге асырылды, оның ішінде:

- біржолғы зейнетақы төлемдері – 49,6 млрд теңге;
- сақтандыру ұйымдарына аударымдар – 9,1 млрд теңге;
- зейнеткерлік жасқа толу бойынша төлемдер – 6,5 млрд теңге;
- мұрагерлік бойынша төлемдер – 5,9 млрд теңге;
- ТТЖ-ға кетуге байланысты төлемдер – 2,1 млрд теңге;
- жерлеуге берілетін төлемдер – 0,4 млрд теңге;
- мүгедектік бойынша төлемдер – 0,2 млрд теңге.

Кесте бойынша ай сайынғы орташа төлем сомасы (зейнеткерлік жасқа толуға байланысты) 25 886 теңге, ал ай сайынғы ең жоғарғы төлем 522 610 теңге болды.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).